Орталық кітапханада

ҚМДБ-ның Жастар ісі бөлімінің Павлодар облысы бойынша өкілі Айбек Оралқановтың ұйымдастыруымен С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханасында кездесу өткізіліп, аталмыш мекеме қызметкерлері, оқырмандар қатысып «Мәшhүр Жүсіп» орталық мешітінің найб имамы Ербол қари Құдабаев және мешіт ұстазы Қарлығаш Қажымәлікқызы сынды білікті дін мамандарынан дәріс тыңдады.

Кездесудің тізгін сөзін алған А. Тілеубекұлы мешіт имамдарының білім ордасы мамандарымен жиі-жиі кездесіп тұруының мәні зор екендігін атап өтіп, дін қызметкерлеріне сөз берді.

Жүздесу барысында имандылық тақырыбы жан-жақты қозғалып, қазақ халқынан шығып, дінге қызмет еткен қайраткерлердің өнегелі өмірі үлгі ретінде сөйленді. Хәкім Абайдың «Ақылды адамға иман парыз, иманды адамға құлшылық парыз» деген нақылын қуаттай сөйлеген Ербол Отанханұлы ұғымға жеңіл, жалпақ тілде Құран Кәрімде айтылған ақиқатты заманауи ғылым дәлелдеп жатқандығын жеткізе келіп, иманның алты шарты мәселесіне кеңінен тоқталып, әрікарай теріс пиғылды жат ағымдар туралы да насихат жасап, діни әдебиеттердің таратылу мәселесі төңірегінде де тұщымды мағлұматтар берді.

Мешіт ұстазы Қарлығаш Қажымәлікқызы жылы лебіз айту, исламда адамның адамға жақсы қарым-қатынаста болуы, ізгілік жасауы нұсқалады, – деп ізгі амалдар хақында кеңінен толғанды.

Кездесу соңында Павлодар облыстық С. Торайғыров атындағы кітапхана басшысы Шахметова Шолпан Баянқызы алғысын айтып, кітапхана ұжымы атынан қасиетті кітабымымыз Құран Кәрімнің мағынасы мен маңызын түсіндіру үшін, дәрістер ұйымдастырылса деген тілегін білдірді. Ербол Отанханұлы Құранның қазақша аудармалары бар екендігін жеткізіп, найб муфти Серік Ораздың жақында жарыққа шыққан Құран Кәрімнің 30 парасын қамтыған «Тәпсір тұнығы» кітабын оқуды кеңес етті және ол басылыммен кітапхана қызметкерлерін қамтамасыз етеміз деді.

Орталық мешіт кітапханашысы Назым Қизатқызы кітапхана мамандарына «Дін және дәстүр» кітабының орысша-қазақша нұсқаларын табыстады.

Амантай ТОЙШЫБАЙҰЛЫ